

**Жүмекенова Д.Е.<sup>1</sup>, Садықов Т.С.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>докторант, e-mail: didar-010682@mail.ru

<sup>2</sup>т.ғ.д., профессор, e-mail: sadikov\_ts@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан, Астана қ.

### **XVIII-XIX ҒҒ. ЕСКІ КАРТАЛАР – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ**

Мақала Қазақстанның жер-су атаулары тарихының дереккөзі саналатын XVIII-XIX ғасырлардың картографиялық материалдарын зерделеуге арналған.

Деректерге жүргізілген теориялық талдаулар XVIII-XIX ғасырлардағы карталармен картографиялық құжаттар негізінде қарастырылады.

Мақаланың мақсаты Дала өлкесінің тарихына қатысты Қазақстанның жер-су атауларын зерттеу үшін XVIII-XIX ғасырлардағы картографиялық құжаттар, әскери топографиялық карталар, революцияға дейінгі ғалымдардың еңбектері мен жазбаларын, құнды ақпарат көзі болып табылатын сан алуан деректерді талдау.

Зерттеу жұмысының басты міндеті ретінде авторлармен дереккөздерге кешенді талдау жүргізу негізінде XVIII-XIX ғасырлардағы картографиялық құжаттарға объективті баға берілді.

Авторлар топографиялық ақпараттардың негізі – картографиялық материалдар болып табылатындығына көз жеткізді. Ескі карталарды қолдану Қазақстанның өткенінен мәлімет беретін тарихи топонимика туралы толық ақпарат жинауға мүмкіндік берді.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, тарихи топонимика, жер-су атаулары, карталар, картографиялық материал, топография, дерек, мұрағат.

Zhumekenova D.E.<sup>1</sup>, Sadikov T.S.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD student, e-mail: didar-010682@mail.ru

<sup>2</sup>Doctor of history science, professor, e-mail: sadikov\_ts@enu.kz  
Eurasian National University L.N. Gumilyov, Kazakhstan, Astana

### **The old maps of the XVIII-XIX centuries is the source for the history of toponyms of Kazakhstan**

The article is devoted to the study of cartographic materials of the XVIII-XIX centuries as a source of historical toponymy of Kazakhstan. The source review of maps and cartographic documents of the XVIII-XIX centuries is presented on basis of theoretical analysis of sources.

The aim of article is the analysis of cartographic materials of the XVIII-XIX centuries, contained a various information on history of the Steppe region, which are the valuable source for study of historical toponymy of Kazakhstan. A special attention is paid to study of maps of military topographers and mapping documents stored in funds of archives and published maps, in writings and notes of pre-revolutionary scientists.

The authors made a conclusion that cartographic materials are the main means of transfer of topographic information. The using of old maps allowed to create a complete picture about the historical toponymy of Kazakhstan in the past.

**Key words:** Kazakhstan, historical toponymy, maps, cartographic material, topography, source, archive.

Жумекенова Д.Е.<sup>1</sup>, Садықов Т.С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант, e-mail: didar-010682@mail.ru

<sup>2</sup>д.и.н., профессор, e-mail: sadikov\_ts@enu.kz

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

### Старые карты XVIII-XIX вв. – источник по истории топонимов Казахстана

Статья посвящена изучению картографических материалов XVIII-XIX вв. как источника по истории топонимов Казахстана. Источниковедческий обзор карт и картографических документов XVIII-XIX вв. представлен на основе теоретического анализа источников.

Целью статьи является анализ картографических материалов XVIII-XIX вв., где даются различные сведения по истории Степного края, которые являются ценным источником для изучения исторической топонимики Казахстана. Особое внимание авторами уделено изучению карт военных топографов, картографических документов, хранящихся в фондах архивов и опубликованных карт, в трудах и записках дореволюционных ученых.

Авторами сделан вывод о том, что картографические материалы являются основным средством передачи топографической информации. Использование старых карт позволило создать полную картину о исторической топонимике Казахстана в прошлом.

**Ключевые слова:** Казахстан, историческая топонимика, карты, картографический материал, топография, источник, архив.

### Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстанның тарихи-географиялық ғылымының тарихын жүйелі зерттеудің ғылыми қажеттілігі туындайды. XVIII-XIX ғасырлардағы карталардың революцияға дейінгі кезеңнің ең құнды ақпараттық көзі ретінде Қазақстанның тарихы және тарихи топонимикасы бойынша ғылыми зерттеулердің өзектілігі артуда.

### Мәселенің методологиясы

Бұл зерттеудің ақпарат көздерінің негізгі тобына Ресей Федерациясының Орынбор және Омбы облыстарының Мемлекеттік мұрағаттарының қорларындағы картографиялық материалдар мен кейбір құжаттар жатады.

Тарихи ғылымның қолданатын методологиялық кешені жұмыстың зерттеу негізін құруға мүмкіндік береді және оның негізінде бірін-бірі толықтыратын әртүрлі әдістер жатыр. Жалпы ғылыми тану қағидалары негізгі болса, оның ішінде ең бастысы тарихилық қағида болып табылады. Тарихилық қағида тарихи құбылысты, оның дамуы, нақты-тарихи айқындылығы және даралығы тұрғысынан зерделеуді көздейді. Сондай-ақ зерттеу жүйелілік қағидасына да негізделеді, бұл авторларға мәселені тұтас дүние ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Объективтілік қағидасы тарихи құбылыстар мен үдерістерді зерттеудің жан-жақтылығын көрсетеді. Аталған методологиялық қағидалардың барлығынан жеке зерттеу әдістері туындайды, мәселен, пробле-

малы-хронологиялық және тарихи-салыстырмалы. Проблемалы-хронологиялық әдіс ғылыми зерттеудің құрылымын айқындаса, тарихи-салыстыру әдісі зерттелетін құбылыстың мәнін ашуға мүмкіндік берді.

Жер-су атауларды анықтауда картографияны қолдану талап етіледі. Осыған орай, жер-су атауларының орналасу заңдылығын белгілеу үшін біз картографиялық әдісті қолдандық.

### XVIII-XIX ғасырлардағы карталарға деректік талдау

Картографиялық материалдар, нақтырақ айтқанда, карталар мен атластардың топографиялық деректерді жинау мен құрылымдық талдауда айрықша маңызы бар. Картографиялық жұмыстар Ресейдің шекара маңындағы әкімшілік орталықтарында XVIII ғасырда қарқын жүргізіле бастады. Алайда егер XVIII ғасырдың карталары Қазақстанның сипатталатын аумағы туралы жалпы ақпарат берсе, XIX ғасырдың картографиялық материалдары өңірдің географиясы, елді мекендері және жаңа аумақтың игерілгені туралы толық деректерді қамтиды. XIX ғасырдағы карталардың градусдық торы бар және олардың негізінде топографиялық түсірілімнің материалдары жатыр.

XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдағы Қазақстанның көшпелі халықтарының тарихы мен тарихи географиясын зерттеу үшін ғылыми ілімдегі елеулі оқалықтардың орнын толтырған сол кездегі орыс және еуропалық ғалымдар мен саяхатшылардың Орталық Азияның жасаған географиялық картала-

ры үлкен ғылыми-практикалық маңызға ие. Ақпараттық құндылығы мол карталардың қатарына он алты жалпы және өңірлік карта жатады. Қазақ даласының табиғи және тарихи-мәдени объектілерінің нақты географиялық жерін белгілеуде ресейлік және еуропалық картографияның ең ірі жетістіктерінің бірі «Сібірдің сызба кітабы» атты географиялық карталардың жинағы болып табылады, бұл еңбекті XVII–XVIII ғасырлардың тоғысында сол замандағы көрнекті сібір зерттеушісі С.У. Ремезов құрастырды (1642–1720 кейін). 1701 жылы құрастырылған бұл еңбекте көптеген түркі тектес халықтар, оның ішінде қырғыздар, татарлар, ноғайлар және басқалары көрсетілген (Чертежная книга Сибири, 1882).

Ең ауқымды картографиялық еңбектердің қатарына XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Жоңғария, Орта Азия мен Шығыс Түркістан карталарын жатқызуға болады (картографиялық атластарының құрамына кірген С. д'Анвиль және Ж. дю'Гальд карталары, Г.Ю. Клапроттың Орталық Азия карталары); А. Дженкинсонның (1652 ж.), Э.И. Идес (1702 ж.), Н.К. Витсен (1705 ж.), Г. Делиль (1700 ж.), Ф.-И. Страленберг (1730 ж.) «Ұлы Татария» карталары; саяхатшылар И. Унковский (1724 ж.), Л.Д. Угримов (1733 ж.), К. Миллер (1743 ж.) және жоңғар билеушілеріне жіберілген басқа да орыс елшілердің Қазақ даласының маршруттық карталары мен Жоңғар хандығы жерлерінің карталары; XVIII ғасырдың екінші жартысында сібір және петербургтік әскери картографтар И.И. Красильников (1755 ж.), К.Л. Фрауендорф (1760 ж.), И. Шпрингер (1765 ж.), Зейферт (1771 ж.), И.И. Исленьев (1778 ж.) және басқалардың Қазақстан мен Орталық Азияның шектес өңірлерінің карталары (Ерофеева, 2011:332).

XVIII ғасырдың екінші жартысында екі қолжазба картасы әзірленді, бұл карталар ішінара Кіші және Ұлы жүздерінің, Бұқара және Хиуа хандықтарының аумақтарын қамтиды. «Қазақ даласын және Ресей бөлігін қамтитын карта» деп аталатын бірінші картаны генерал-майор Я. Боувер құрастырды. Бұл карта П. Рычковтың «Орынбор топографиясына» қоса берілген, И. Красильниковтың сызбаларына негізделген. Екінші қолжазба картасының авторы И. Лютов болып табылады. И. Лютовтың картасы XVIII ғасырдың картографиялық және әдеби материалдарына негізделеді. Боувер картасымен салыстырғанда, Лютовтың картасы географиялық объектілерді дәл бейнелейді.

Алайда Боувердің картасында елді мекендер толық көрсетілген (Ксенжик, 2015: 53).

Қазақстан аумағының негізгі картографиялық мұрасының басталуы 1797 жылы Ресей империясының әскери ведомстволарымен байланысты, нақтырақ айтқанда, императорлық Карталар депосын құру сәтінен, оның негізінде 1812 жылы Әскери-топографиялық депо пайда болды. Әскери-топографиялық депоның құрылуы Қазақстан жерін зерттеу ісіне мол үлес қосты және Ресейде әскери-топографиялық қызметті ұйымдастырудың басталуына негіз болды (Ксенжик, 2015: 152).

XIX ғасырдың 20-30-шы жылдарында Қазақстандағы картографиялық жұмыстар қарқынды жүргізіле бастады. Бұл ең алдымен орыс саяхатшылары мен әскери шенеуніктердің экспедициялық қызметімен байланысты. Дәлірек айтқанда, Кіші жүздің аумағында картографиялық жұмыстардың дамуына бөлек Орынбор корпусының құрылуы мол әсерін тигізді, бұл корпусының құрамында білікті әскери топографтар болды. XIX ғасырдың 20-30-шы жылдарына дейін дала карталары саяхатшылардың жүрген жолдары бойынша құрылған еді. Алайда бұл картографиялық материалдар өзінің қамту көлемі бойынша дәл емес және кейде тіпті жартылай қате болатын еді.

Дала кеңістігінің алғашқы түсірілімдері 1822 жылы басталды. Бұл тұрғыдан полковник Милорадовичтің түсірілім туралы деректері бар журналдары және 1823 ж. Қырғыз-қайсақ даласының әскери-топографиялық шолуы, Орталық Қазақстанның оңтүстік-батыс бөлігінің карталары, Гавердовскийдің қырғыз-қайсақ даласының шолуы, поручик Яковлевтің Торғай даласының топографиялық сипаттамасы ерекше қызығушылықты танытады (Маргулан, 2011: 278).

XIX ғасырдың бірінші жартысында бірнеше қолжазба карта жарық көрді: «Орынбор губерниясының картасы»; «Орталық Азия бөлігінің картасы, оның ішінде қырғыз-қайсақ, түрікмен, қарақалпақ және бұхарлықтардың жерлері», «Азиялық Ресейдің бас картасы» және т.б., соңғысын поручик Поздняков құрған еді. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының орналасуы туралы бірегей деректер мен елді мекендердің толық сипаттамасын қолжазба картасын ерекше атап өткен жөн. Бұл карта бірегей тарихи-географиялық және топографиялық дерек көзі болып табылады. Карта бұрын жарық көрмеген, қолжазба карталарға және Орынбор шекара комиссиясының мұрағатынан әртүрлі

экспедициялардың есептеріне негізделген. «Қырғыз-қайсақ даласы мен Түркістан» картасында керуен жолдары, топонимдер атаулары, орыс бекіністерінің желілері толық сипатталып көрсетілген және қазақ жүздерінің арасында шекаралар жүргізілген (Ксенжик, 2015: 53).

XIX ғасырдың екінші жартысында аса құнды бірнеше карта әзірленді: «Орынбор өңірінің және Хиуа, Бұхара иеліктерінің бір бөлігінің Бас картасы», «Сырдария желісінің картасы» және «Орынбор ведомствосының Қырғыз даласының және Бұхара, Хиуа, Қоқан иелерінің картасы». Бұл карталар Қазақстанның ірі және ұсақ елді мекендердің орналасқан жерін нақтылауға, сондай-ақ аумақтың шаруашылық-экономикалық игерілуін анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, «Бас штабтың офицерлерінің Ресейдің географиясы мен статистикасы үшін жинаған материалдары. Орынбор ведомствосының Қырғыз даласы» атты кітаптан бас штабтың подполковнигі Л. Мейірдің «Орынбор ведомствосының қырғыз даласы» атты картасы; бұл картада: өзендер, көлдер, құмдар, өзендердің тасуы, жайылымдар, басты елді мекендер, форттар мен бекіністер, сондай-ақ ішкі әкімшілік бірліктердің шекаралары, үлкен және ұсақ жолдар көрсетілген (Мейер, 1865).

Карталардың әрқайсысы географиялық-топонимикалық ақпаратты қамтиды, ол қазақ жерлерінің XIX ғасырда жасалған басқа карталарында ішінара қайталаанады. Алайда бұл карталардың барлығы бірін-бірі толықтырып, нақтылап, тарихшыларға Дала өлкесінің жер-су атаулары, халқының әскери-саяси тарихы жайында құнды нақты деректерді табыс етеді.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде әскери-топографиялық сипаттағы зерттеулер пайда бола бастайды. XIX ғасырдың 20-шы жылдарында жергілікті жердің ең нақты түсірілімдерін іске асыру мақсатымен Ресей әскерінің бас штабы жанында құрылған әскери топографтар корпусының офицерлері өңірді зерттеуге үлкен үлес қосты. Орыс әскерінің Бас штабы жанындағы әскери топографтар корпусы және Әскери-топографиялық депо. Әскери топографтар корпусы туралы жоба 1822 жылдың 28 қаңтарында бекітілді. Олар маршруттарды түсіріп, басқа да арнайы зерттеулермен, мәселен, өздері жұмыс жасап жатқан жерді жан-жақты зерттеумен айналысты. Әскери топографтар корпусының зерттеулері өңір туралы тарихи-географиялық түсініктердің негізін құрды. Бұл зерттеулер әскери-топографиялық сипаттаманың әдістерін қолдана отырып жүргізілді. Мәселен,

Бас штабтың подполковнигі Н. Красовскийдің картасы «Бас штабтың офицерлері Ресейдің географиясы мен статистикасы үшін құрған материалдары» кітабына қосымша болып табылады (Красовский, 1868).

Тарихи топонимиканың мәселелеріне қазақ ғалымы Ш. Уәлиханов ерекше көңіл бөлген. Ол осы саланы ғылыми тұрғыдан зерттеп, Отандық картографияның негізін қалаған. Ш. Уәлихановтың жасаған картографиялық құжаттары Қазақстанның жер-су атауларын зерттеу үшін аса құнды дереккөзі болып табылады. Ғалым өз саяхатын толық сипаттап, жазғанның барлығын картосхемалармен толықтырған (Валиханов, 1985).

1856 жылы ғалым Бас штабтың тапсырмасы бойынша бүкіл Орта Азия мен Шығыс Түркістанның картасын әзірлейді. Бұл картаны құрған кезде Ш. Уәлиханов Орта Азия мен Шығыс Түркістанға қатысты әртүрлі сипаттағы деректерді пайдаланған. Әсіресе, Қазақстанның аумағына тікелей қатысты «Жетісу картасы», «1852 жылғы Торғай даласы мен Құсмұрын округінің схемалық картасы», «XIX ғасырдың ортасындағы Қазақ даласы» карталарына ерекше көңіл бөлу қажет (Ксенжик, 2016). Соңғы картаның ерекшелігі бұл картаның қамтитын аумағы үлкен болмағанымен, елді мекендердегі – жайылымдарды, қалаларды, бекіністерді және т.б., сондай-ақ табиғи нысандар – өзендерді, көлдерді және жер бедерінің кейбір бөліктерін көрсету толықтығы мен мазмұны жағынан басқа карталардан асып түсетіндігінде жатыр.

Осылай, әскери ведомство Қазақстан өңірлерін картаға түсіру жұмыстарына көп көңіл бөле бастады. Қазақстан аумағы туралы дәл топографиялық деректерді алу үшін патша үкіметі XIX ғасырдың 20-шы жылдарында ауқымды топографиялық түсірілімге кірісті. Әскери топографтардың жинаған материалдары Батыс Сібірдің он шақырымдық 92 парақтағы арнайы картасын және 4 парақта қазақ даласымен бірге Батыс Сібірдің бас картасын құру үшін негіз болды (Атлас Азиатской России..., 1914: 1-4).

Елді мекендердің толық сипаттамасын қамтитын XIX ғ. картографиялық материалдың жинағы Орынбор және Омбы облыстарының мұрағаттарында сақталған. Қазақстанның тарихи топонимикасы бойынша ғылыми зерттеулерде осы уақытқа дейін қолданылмаған ең құнды ақпараттық-танымдық картографиялық құжаттардың қатарына: Торғай облысы Қостанай уезінің картасы (РФ ОрОММ, 124-қор, 2-тізбе,

6249-іс, 1 п.); Түркістан губернаторлығымен Ақмола, Семей, Орал, Торғай облыстарының картасы (РФ ОмОММ, 198-қор, 1-тізбе, 1-іс, 1 п.); 1891 ж. Ақмола облысы картасы (РФ ОмОММ, 198-қор, 1-тізбе, 12-іс, 1 п.); 1887 ж. Ақмола облысы Ақмола уезінің картасы (РФ ОмОММ, 198-қор, 1-тізбе, 13-іс, 1 п.); 1887 ж. Ақмола облысы Көкшетау уезінің картасы (РФ ОмОММ, 198-қор, 1-тізбе, 16-іс, 1 п.); XIX ғасырдың ортасындағы Қазақстан мен Орта Азия картасы (РФ ОмОММ, 198-қор, 2-тізбе, 1-іс, 1 п.) және т.б.

Мұрағаттарда сақталған картографиялық құжаттардың коллекциялары тарихи топонимика көзқарасынан сөзсіз практикалық маңыздылықты қамтиды. Ең мазмұнды карталардың қатарына XIX ғасырдағы Қазақстан мен Орта Азия картасын жатқызу керек. Бұл картографиялық құжаттың ерекшелігі картаны құру кезінде жердің, өзендер мен көлдердің ескі географиялық жер-су атаулары сақталғандығында жатыр. Мәселен, XIX ғасырдың ортасындағы топонимдер ерекше белгіленбеген, бар объектілердің ескі атаулары картада қарапайым жақшада көрсетілген. XIX ғасырдың ортасында жойылып кеткен объектілердің атаулары тік жақшада берілген.

Осылайша, біз анықтаған XVIII-XIX ғасырлардың картографиялық материалдарының дереккөз ретінде құндылығы екі аспектіні қамтиды: алғашқысы – карталардың нақты мазмұнымен айқындалады, екіншісі – картографиялық құжаттар белгілі бір тарихи дәуірдің өнімі болып табылады.

Дала өлкесінің әртүрлі географиялық өңірлерін қамтитын ресейлік шекаралық әскердің Сібір және Орынбор корпустарының топографтары XIX ғасырда жасаған ұсақ және ірі ауқымды карталарының кешені «Россия. Географическое описание Российской Империи по губерниям и областям с географическими картами» (Россия. Географическое описание..., 1913) және «Подробный атлас Российской Империи с планами главных городов» (Ильин, 1876) секілді ірі басылымдарда жарық көрген.

Атап өткен жөн, Ресейдегі алғашқы жеке картографиялық мекеменің пайда болуы және дамуы картограф А. Ильиннің (1832–1889) есімімен байланысты.

Ондағы шығатын басылымдардың түрлері өте көп болды: атластар, қалалардың жоспарлары, глобустар, оқу әдебиеті, ресейлік императорлардың коронациялық альбомдары және т.б. «Подробный атлас Российской империи

с планами главных городов» атласы губерния орталықтарының жоспарымен ресейлік губерниялардың, өңірлер мен облыстардың географиялық карталарын қамтиды. Одан басқа, онда Қазақстан өңірлерінің бірнеше салмақты, мазмұнды карталары берілген (этнографиялық, әкімшілік және т.б.). Атласта сол кездегі Далалық өлкенің ең толық және дәл нұсқадағы карталары болған. Бұл Атлас осындай үлгідегі жалғыз ірі басылым еді.

Қазақстанның тарихи топонимикасын зерттеу үшін белгілі бір ғылыми-практикалық қызығушылықты XIX ғасырдың салалық карталарынан көруге болады, олардың арасында географиялық және геологиялық карталарға ерекше назар аудару қажет. Мәселен, тау инженері Г.Д. Романовскийдің 1820 жылдан 1893 жылға дейінгі Дала өлкесі туралы жаратылыстану-тарихи деректер бойынша Батыс Сібірдегі қырғыз даласының шығыс бөлігінің географиялық шолу картасы дәлел. Сондай-ақ, XIX ғасырдың соңында А. Сидельников Қазақстан аумағының толық географиялық карталарын жасаған (Ксенжик, 2015: 54).

Қырғыз жайылымдарын тексеру бойынша экспедицияның қатысушылары уездердің шекараларын, жайылым алқаптарының барлық түрлерін көрсетіп «Киргизского землепользования и пастбищных районов» атты картасын құрды. Мәселен, Ақмола уезінде аға топограф Славецкий Ақмола уезінің қазақ жер пайдалануы бойынша картасын жасады (Материалы по киргизскому..., 1907). Алайда ерте кездегі межелердің картографиялық жұмыстарының сапасы нашар болды. XIX ғасырдың басында Межелік департаменті бұл материалдарды бас межелеу процесінде пайдалану мүмкіндігін анықтау үшін оларды тексерген кезде белгілі болды. 1806 жылы Сенат «Жерлерді межелеу тәртібі және межелік істердің өндірісі туралы» қосымша нұсқаулығын әзірлеп, бекітті. Бұл материалдарды карталардың көздері ретінде пайдалану мен бас межелеу түсірілімінің тәжірибесі негіздеме болып қызмет етті. Аталған құжаттың бас мақсаты түсірілім және карта құру жұмыстарын жетілдіру болды. Нұсқаулыққа сәйкес межелік карталар барынша дәлдікпен иеліктегі жердің шекараларына, табиғи контур мен объектілерге ерекше назар аударуға тиіс еді.

XIX ғасырдың басындағы межелік нұсқаулықта түсірілім, карта құру әдістемелерін біріздендіру идеялары мен межелік карталар, атластарды рәсімдеу тәртібі өз дамуын алды. Картографиялық материалдар елді мекендердің

алфавиттік тізімдерімен қатар жасалды. Сондай-ақ нұсқаулықта деректерді жинау әдістері де көрсетілді, межелік жұмыстарды географиялық, экономикалық-статистикалық деректерді жинаудан бастау қажеттілігі айтылды.

Орта Азия мен Қазақстанның географиясы мен картографиясын зерттеуге қомақты үлесті ағайынды Ханыковтар қосты. Олар Кіші жүздің қазақтары мен Орынбор өлкесі туралы карталар үшін материалдарды жинады, Сарысу, Шу өзендерінде, Бетпақ далада, Балқаш көлінде және Ыстықкөлде топографиялық жұмыстарды жүргізді (Бекмаханова, 1983: 166-167). Императорлық орыс географиялық қоғамының мүшесі Я. Ханыковтың 1854 жылы жасаған картасында Қазақстан аумағын зерттеуші саяхатшылардың маршруттары белгіленген: Муравин (1714 ж.), Флорио Беневени (1725 ж.), Томсон (1741 ж.), Миллер (1743 ж.), Форстер (1784 ж.), Поспелов (1800 ж.), Трюльер (1806-1808 жж.), Назаров (1813-1814 жж.), Генс және Тафаев (1815 ж.), Негри және Мендорф (1820 ж.), Фрезер (1822 ж.), Жемчужников (1823 ж.), Федоров (1833-1837 жж.), Ханибергер және Демезон (1834 ж.) Виткевич (1836 ж.), Бларамберг және Бутенев (1841 ж.), Конолли (1841 ж.), Бларамберг және Романов (1841 ж.), Никифоров (1841 ж.), Ханыков және Леман (1841-1842 жж.), Бларамберг (1846 ж.), Лемм (1847 ж.). Сондай-ақ бұл картада қатынас жолдары және елді мекендер көрсетілген, Жәңгір ханның ордасы белгіленген (Ксенжик, 2015: 152-153).

XIX ғасырда картографиялық жұмыстардың дамуына патша әскерінің техникалық құрал-жабдықтарын жетілдіруі ықпал етті.

Картографиялық материалды құру туралы жөніндегі нұсқаулықтарда әскери топограф-зерттеушілерге қосымша талаптар қойылды. Карталарды жасаудан тыс, әскери топографтарға барлық ландшафт элементтеріне толық сипаттама беру қажет болды. Мәселен, түрлі жерлердегі өзендерге сипаттама беру кезінде олардың тереңдігі мен ені туралы және т.б. мәліметтерді көрсету талап етілді.

Картографиялық материалдардың келтірілген шолуынан карталар Далалық өлкенің тарихи топонимикасын зерттеу үшін ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның революцияға дейінгі тарихының әр түрлі мәселелерін зерттеу үшін аса құнды дереккөзі болып табылатыны туралы қорытынды жасау қажет.

### Қорытынды

Мазмұны жағынан да, ақпараттылығы жағынан да Қазақстанның тарихи-географиялық өткені XVIII-XIX ғасырлардың картографиялық материалдарында толық ұсынылған.

Осылайша, Қазақстанның тарихы мен жер-су атауларын зерттеу үшін карталардың пайдаланылуы Далалық өлкенің тарихи өткені туралы ғылыми білімді дамыту үшін маңызы зор.

Сондай-ақ мұрағаттарда сақталған картографиялық құжаттар табиғат пен қоғамдық өмірдің құбылыстары мен процестерінің ерекшеліктері туралы ақпарат беретін маңызды дереккөздер болып табылатынын атап өту керек. Бұл құжаттардың ғылыми және практикалық маңызы ондағы ақпараттың аумақтық мәнімен айқындалады.

### Әдебиеттер

Атлас Азиатской России. (1914). Издание переселенческого управления Главного управления землеустройства и земледелия. Издано под руководством Т.В. Глинки. 71 листов.

Бекмаханова Н.Е. (1983). К характеристике источников «Исторические карты Казахстана первой половины XIX в.» Проблемы исторической географии России. Вопросы картографии и картографического источниковедения. Выпуск III. С. 163-177

Валиханов Ч.Ч. (1985). Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата.

Ерофеева И.В. (2011). Географические карты XVIII века как источник по истории, этнографии и исторической топонимике Казахстана. История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып. 1. Алматы.

Ильин А. (1876). Подробный атлас Российской империи с планами главных городов. 72 л. карт.

Красовский Н.И. (1868). Область Сибирских киргизов. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. В III частях. Ч.1.

Ксенжик Г.Н. (2015 а). Историческая география степных областей Казахстана в XIX – начале XX вв. Алматы.

Ксенжик Г. Н. (2015 б). Картографические документы XIX – начала XX в.: Источник по истории, этнографии, топонимике и исторической географии Казахстана. Отан тарихы (Отечественная история). № 3. С. 149-160.

Ксенжик Г.Н. (2016). Ч.Ч. Валиханов – основоположник отечественной картографии. Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». № 2 (06), (электронный ресурс).

- Левшин А.И. (1996). Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы.
- Маргулан А.Х. (2011). Сочинения. Т.8. Алматы.
- Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по использованию степных областей. (1907) Акмолинский уезд. Санкт-Петербург.
- Мейер Л. (1865). Киргизская степь Оренбургского ведомства. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Санкт-Петербург.
- Россия. (1913) Географическое описание Российской Империи по губерниям и областям с географическими картами. Санкт-Петербург.
- РФ ОрОММ (Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты) 124-қор, 2-тізбе, 6249-іс.
- РФ ОмОММ (Ресей Федерациясы Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты) 198-қор, 1-тізбе, 1-іс.
- РФ ОмОММ (Ресей Федерациясы Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты) 198-қор, 1-тізбе, 12-іс.
- РФ ОмОММ (Ресей Федерациясы Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты) 198-қор, 1-тізбе, 13-іс.
- РФ ОмОММ (Ресей Федерациясы Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты) 198-қор, 1-тізбе, 16-іс.
- РФ ОмОММ (Ресей Федерациясы Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты) 198-қор, 2-тізбе, 1-іс.
- Чертежная книга Сибири 1701 г. (1882). Санкт-Петербург.

### References

- Atlas Aziatskoy Rossii. (1914). Izdanie pereselencheskogo upravleniya Glavnogo upravleniya zemleuстроitstva i zemledeliya [Atlas of Asian Russia. Edition of the resettlement department of the Main Directorate of Land Management and Agriculture]. Izdano pod rukovodstvom T.V. Glinki. St. Petersburg, 71 lists.
- Bekmahanova N.E. (1983). K karakteristike istochnikov «Istoricheskii karti Kazakhstana pervoi polovini XIX v.» [To the characteristic of resources «Historical maps of Kazakhstan in the first half of the XIX century»]. Problemi istoricheskoi geografii Rossii. Voprosi kartografii i kartograficheskogo istochnikovedeniya. Vypusk III. Moskva, p. 163-177
- Valihanov Ch.Ch. (1985). Sobranie sochinenii v pyati tomah. [Collection of works in five volumes]. Alma-Ata.
- Erofeeva I.V. (2011). Geograficheskie karty XVIII veka kak istochnik po istorii, ehtnografii i istoricheskoy toponimike Kazakhstana. [Geographical maps of the XVIII century as a source of history, Ethnography and the historical toponymics of Kazakhstan]. Istoriya Kazakhstana v dokumentah i materialah: Al'manah. Vyp. 1. Almaty.
- Ilin A. (1876). Podrobnyy atlas Rossiyskoy imperii s planami glavnyh gorodov. [The detailed atlas of the Russian Empire with plans of major cities] St. Petersburg, 72 lists with maps.
- Krasovskii N.I. (1868). Oblast Sibirskih kirgizov [Region of the Siberian Kirghiz]. Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami Generalnogo shtaba. [Material for geography and statistic of Russia, collected by the officers of General staff]. In 3 parts. St. Petersburg, Ch.I.
- Ksenzhi G.N. (2015 a). Istoricheskaya geografiya stepnyh oblastei Kazakhstana v XIX – nachale XX vv. [Historian geography of Steppe region of Kazakhstan in the 19-beginning of 20 centuries]. Almaty.
- Ksenzhi G.N. (2015 b). Kartograficheskie dokumenty XIX – nachala XX v.: Istochnik po istorii, ehtnografii, toponimiki i istoricheskoy geografii Kazakhstana [Cartographical documents of the 19 – beginning of 20 centuries]. Otan tarihy (Otechestvennaya istoriya). №3. Almaty, p. 149-160.
- Ksenzhi G.N. (2016). Ch.Ch. Valihanov – osnovopolozhnik otechestvennoy kartografii [Ch.Ch. Valikhanov – the founder of native cartography]. Scientific E-journal «edu.e-history.kz» №2 (06), (electronic resource).
- Levshin A.I. (1996). Opisanie kirgiz – kazachih ili kirgiz-kaysackih ord i stepei. [Description of Kirghiz-Kazakh or Kirghiz-Kaisack Hordes and Steppes]. Almaty.
- Margulan A.H. (2011). Sochineniya. [Essays] Volume, 8. Almaty.
- Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu sobrannye i razrabotannye ekspedicii po ispolzovaniyu stepnih oblastei. Akmolinskii uезд. (1907) [Materials by Kirghiz land tenure, collected and developed by the expedition on the use of Steppe areas. Akmolinskii county]. St. Petersburg.
- Meier L. (1865). Kirgizskaya step Orenburgskogo vedomstva. [Kirghiz steppe of Orenburg department]. Materialy dlya geografii i statistiki Rossii, sobrannye oficerami Generalnogo shtaba. St. Petersburg.
- Rossiya. Geograficheskoe opisanie Rossiyskoe Imperii po guberniyam i oblastyam s geograficheskimi kartami. (1913). [Russia. Geographical description of Russia Empire in provinces and regions with geographical maps]. St. Petersburg.
- RF OrОММ. 124-кх., 2-т., 6249-іс. [The State Archive of the Orenburg region]
- RF ОмОММ. 198-кх., 1-т., 1-іс. [The State Historical Archive of the Omsk region]
- RF ОмОММ. 198-кх., 1-т., 12-іс. [The State Historical Archive of the Omsk region]
- RF ОмОММ. 198-кх., 1-т., 13-іс. [The State Historical Archive of the Omsk region]
- RF ОмОММ. 198-кх., 1-т., 16-іс. [The State Historical Archive of the Omsk region]
- RF ОмОММ. 198-кх., 2-т., 1-іс. [The State Historical Archive of the Omsk region]
- Chertezhnaya kniga Sibirii 1701 g. (1882). [Drawing book of Siberia 1701] Sankt-Petersburg.